
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ТІЛДІК ДАЙЫНДЫҒЫ ЯЗЫКОВАЯ ПОДГОТОВКА ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ LANGUAGE TRAINING OF CIVIL SERVANTS

УДК 378.048.2

Л. П. Ақтанова

*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
Дипломатия институты Тілдер және аударма ісі
кафедрасының аға оқытушысы*

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН КЕЙС-СТАДИ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілін кейс-стади әдісі арқылы оқытудың кейбір ерекшеліктері қарастырылады. Автор кейс-стади әдісін қолдану арқылы оқытушы мен тыңдаушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасайтындығы айтылады.

Тірек сөздер: кейс-стади, креативті ойлау, әдіс.

Аннотация

В статье рассматриваются некоторые особенности обучения казахскому языку по методу кейс-стади. Автор статьи показывает развитие креативного мышления, совершенствование творческих возможностей при применении метода кейс-стади у слушателя и преподавателя.

Ключевые слова: кейс-стади, креативное мышление, метод.

Abstract

The paper discusses some features of Kazakh language teaching method of case studies. The author shows the development of creative thinking, improving creativity in the application of the method of case studies in the listener and teacher.

Key words: case studies, creative thinking, the method.

Оқытудың жаңа технологиясы – оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануды, оқытудың әртүрлі әдістері мен формаларын біріктіруді, оқу материалын тиімді пайдалануды, оқудың сапасына білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады.

Сонымен қатар оқытудың жаңа технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын кәсіби, білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады.

Болашақ маман иелерінің бойында білімділік, біліктілік, саналылық, жауапкершілік қасиеттерін сіңіруде, яғни кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда жаңа технологияны қолданудың рөлі ерекше. Сондай-ақ жаңа технологияны тиімді пайдалана білу оқытушы мен тыңдаушының шеберлігі мен іскерлігін және кәсіби құзыреттілігін шыңдауға әсерін тигізеді. Тыңдаушының кәсіби мамандық игеруде білім алуымен бірге өз білімін жетілдіру, үнемі ізденіспен шығармашылықпен айналыса отырып, кез келген қиын жағдайларда шешім қабылдай білетін, қойылған мақсатқа жете білетін тұлға қалыптастыру құзыреттіліктің құрамы болып табылады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» [1] деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір оқытушының алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа технологияны меңгеру. Жаңа технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері де жаңаша сипат алатындығын атап өту қажет.

Оқытудың жаңа технологиясы дегеніміз – оқу процесін жандандыру мақсатын ұйымдастыру, белгілі бір мақсатқа жұмылуда алдын ала ойластырудың ықпалы мен әсері және оқу процесін ойдағыдай жүзеге асырудың мазмұнды техникасы [2, 15].

Оқытудың жаңа технологиясының түрлері қазіргі кезде заман ағымына қарай көбейіп, іске асуда. Сол әдіс-тәсілдердің бірі – кейс-стади әдісі.

Кейс-стади әдісінің пайда болуы мен дамуының мәдени негізі «түрткіден» немесе «оқыстан» деген ұғымдардан туындайды. Кейс-стади әдісі академиялық теорияны нақты оқиғаларға көзқарас тұрғысынан көрсетіп беруге мүмкіндік береді. Ол оқып жатқан пәнге тыңдаушының қызығуына, әр түрлі жағдайларды сипаттайтын ақпараттарды жинау, өңдеу және талдау дағдылары мен білімдерді белсенді игеруге мүмкіндік береді. Кейс-стади әдісі әртүрлі практикалық дағдылардың дамуына ықпал етеді. Олар бір ғана сөйлеммен проблеманы шығармашылық тұрғыдан шешеді және жағдайға талдау жасап, шешім қабылдай алуды қалыптастырады [3, 217].

Кейс-стади әдісі арқылы тыңдаушылар нақты жағдайлар тұрғысынан практикалық жағдайларды зерттейді, болған жағдайларды баяндайды, проблемамен танысып, оны шешудің жолдарын іздейді.

Кейс-стади шын және ойдан шығарылған жағдайларға негізделген қысқа мерзімді оқытуға арналған интерактивтік технология.

Кейс-стади әдісінің негізгі мақсаты:

- тыңдаушылардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру;
- әр түрлі проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілетін дамыту;
- тыңдаушының өз бетінше шешім қабылдауы үшін ақпарат іздеуі;
- ақпаратпен жұмыс жасауды (сұхбат беру, жүйелеу, талдау) үйрету;
- тыңдаушы белгілі бір мекемеде немесе елде болған инцидент туралы ақпарат алады;
- тыңдаушылар ақпараттың аздығына қарамастан проблеманы және оны шешу үшін нені білу керектігін анықтайды.

Кейстің құрылымы қандай болу қажет? Кейстердің көптүрлілігіне қарамастан олардың барлығының типтік құрылымы болады. Ережеге сәйкес кейс келесілерден тұрады:

- Жағдайлар – кездейсоқ жағдай, түйінді мәселе, шынайы өмірден оқиға.
- Жағдайдың контексті – хронологиялық, тарихи, орын контексті әрекеттердің немесе жағдайға қатысушылардың ерекшеліктері.
- Автор ұсынған жағдайға түсініктеме беру.
- Кейспен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар.
- Қосымшалар.

Кейсті құрастыру сатысы қандай болу керек? Білім мақсаттары жүйесінде кейстің орнын анықтау. Кейс тақырыбына тікелей қатысы бар институционалды жүйені іздеу.

- Жағдай моделін құру немесе таңдау.
- Сипаттауды құру.
- Қосымша ақпараттарды жинау.
- Ақырғы мәтінді даярлау.
- Кейстің тұсаукесері, талқылауды ұйымдастыру.

Енді кейс-стади әдісіне жататын әдіс-тәсілдерге тоқталып өтсек.

Жағдайды талдау әдісі. Оларға: мәліметтерді ақпараттардан ажырата алу, шынайы және жалған ақпараттарды ашып көрсету, жіктеу, оларды талдау, ұсыну және табу, қалыс қалған ақпараттарды табу және оны қалпына келтіре алу жатады. Анық және нақты ойлау. Бұл, әсіресе, ақпарат жоғары сапалы болмаған жағдайда маңызды.

Практикалық дағдылар. Кейсте берілген нақты жағдаятпен салыстырғанда күрделілік деңгейі төменірек мәселелер, экономикалық теорияларды, әдістер мен ұстанымдарды практикада қолдану дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

Рөльдік ойындар әдісі немесе шығармашылық дағдылар. Бір ғана логикамен кейс-жағдаятты шешу мүмкін емес. Логикалық жолмен табу мүмкін болмағандықтан, шығармашылық дағдылар мен баламалы шешімдер өте маңызды.

Коммуникативтік дағдылар. Олардың ішінен пікірталас жүргізе алу, айналадағыларды сендіре алу сияқтыларды бөліп көрсетуге болады. Көрнекі құралдар мен басқа медиа-құралдарды қолдану, топ болып ұйымдасу, өзінің көзқарасын қорғау, қарсыластарды сендіру, қысқа әрі сенімді есеп жасау.

Дискуссия әдісі – белгілі ережелерге сәйкес қандай да бір сұраққа байланысты пікір алмасу академиялық теорияларды көрсету. Белгілі жағдайды талдау, нақты немесе ойдан шығарылған жағдайды терең және бөлшектеп талдау.

Әлеуметтік дағдылар. Кейс-стадиді талдау барысында белгілі-бір әлеуметтік дағдылар қалыптасады: адамдардың мініз-құлқын бағалай алу, басқаны тыңдай білу, пікірталасты жалғастыра білу немесе қарсы пікірін дәлелдей алу, өзін-өзі бақылай алу.

Өзін бағалай білу. Пікірталаста келіспеу басқалардың да, өзінің депікірін түсінуге және талдай алуға мүмкіндік береді. Бұдан пайда болатын моральдық және этикалық проблемалар әлеуметтік дағдылардың қалыптасуын және олардың шешілуін талап етеді [4, 45].

Жалпы тыңдаушыларға қазақ тілін оқытуда тәрбиелік мағынасы жоғары ұлттық педагогика элементтері бар шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестерін әр сөйлеу стилінде қолдануы үйретіледі.

Кейс технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы мұнда магистрант – өздігінен ізденетін, алдарында тұрған проблеманы шешетін субъект. Оқытушы сабақта тек бағыт-бағдар беруші қызметін атқарады. Кейс технологиясында магистранттар санына қарай бірнеше микротоптарға бөлінеді. Әрбір топ проблеманы шешуде өзінің пікірін дәлелдейді.

Кейс әдісі арқылы өткен сабақ түрінен мысал келтірсек. Ол үшін топтың ішінен сарапшы, бағыт беруші, баяндаушы, қарсы сұрақ қоюшыларды таңдап аламыз.

Сарапшы – әрбір топта болады. Сарапшының міндеті микротоптарға қатысып отырған магистранттар жауаптарын қорытындылау. Керек болса, микросабактар өткізуге де құқықтары бар. Магистранттар жауаптарының дұрыстығын не бұрыстығын сарапшыға тексертеді.

Жол сілтеуші – бұл тапсырманы басқалардан бұрын орындайтын, топтың көшбасшысы. Ол жауап таба алмай жатқанда, дұрыс жолды айтады.

Баяндаушы – бұл тапсырмада берілген мәтін не басқа жағдаяттарға еніп, басқа тыңдаушыларға түсіндіреді. Өзі ойнап тұрған образдың жүрісін, қимылын, ым-ишарасын айнытпай салу арқылы дұрыс жолды сілтейді.

Қарсы сұрақ қоюшы – бір магистрант келесі магистрант айтқан пікірлеріне келіспей әдейі сұрақ қояды. Бұл сұрақтарға басқа магистранттар жауап берулері қажет. Бұл оларды өз пікірлерін басқа біреуге дәлелдеуге үйретеді. Кейс сабақтарында берілетін тапсырмалар магистранттарды қызықтыруға, олардың диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағыттайды.

Презентация – оқытушы магистранттардың барлығына бірдей сабақ мақсатына қарай белгілі бір проблеманы қояды. Осы проблеманы түсіндіреді.

Ұстанымы – магистранттар оқытушымен түсіндірген проблема бойынша өз пікірлерін дәптерлеріне жазады. Әрбір магистрант өз идеяларын жеке бөліп жазады. Магистранттардың жазған ұстанымдары кейінірек проблеманы топ болып талқылағанда қажет болады.

Проблеманы талқылау – магистранттар проблеманы топ ішінде талқылап, дұрыс шешім шығарады. Топ ішінде магистранттар бір-біріне өз ойларын айтып, бір-біріне дұрыс бағыт көрсетеді, түсінбеген сұрақтарын бірлесе отырып шешуге тырысады, үйретеді, үйренеді.

Шешім шығару – топ ішінде қабылданған шешімді басқа топтарға айтып, өзінің пікірін дәлелдеу. Басқа топтарда айтылған пікірге өз көзқарастарын білдіреді.

Мысалы, оқытушы магистранттарға слайд бетіне жазылған тақырыпты ұсынады. Тақырып: «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясы». Ал мәтіннің мазмұны қағазға жазылып, магистранттардың алдына таратылады.

Мәтін. Тіл мәселесі – қай кезде де, қандай болмасын қоғамдық құрылыс тұсында да тұғырынан түспеген, әлі де түспейтін толғақты тақырыптардың бірі. Өйткені, тіл – ұлт ұғымын анықтайтын алғышарттың айрықшасы әрі асқағы. Ал, енді, кез келген дау-дамайын жалғыз ауыз сөзбен шешкен жұртымыздың далалық демократиясындағы қасиетті де қасіретті тілінің жөні тіпті бөлек. Әуелгіде отарлық – озбырлық пиғылда болған патшалы Ресейдің, кейіннен кеудемсоқ коммунистік идеологияның қыспағында қалып, қауқарсыз күй кешкен қазақ тілі «мың өліп, мың тірілген» соқтықпалы-соқпақты сүрлеуге түсті. Дей тұрғанмен де, сол бір алмағайып кезеңнің өзінде талпыныс танытып бақты. Алғашқы қарабайыр да болса, қажетті қадамдар сонау 1921 жылдың өзінде-ақ жасалған. Әрі әжептәуір шаралар жүзеге асырылған. Одан кейін де, атап айтқанда, 1957 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі қазақ тілінде іс жүргізу жөнінде тағы да арнайы шешім қабылдаған. Өз кезеңіндегі осы бағалы бастама да әуелде қызу қолға алынып, кейіннен бәсең тартады да, өткен ғасырдың 70–80-жылдарында мүлде саябырсып кетеді.

Әлбетте, бар кінәні келмеске кеткен кертартпа жүйенің мойнына арта салуға да болады. Алайда, байыпты барлауға бармай, бірден ақталудың амалын іздеу де абырой епеге қоймасы анық. Аңсап жеткен азаттық, тегеурінді тәуелсіздігіміз туған тілімізді өз тұғырына қондырды. Қазақтың қара қылды қақ жарған қайсар тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, еңсесін тіктеді. Осындайда Алаш ардақтысы, ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының: «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», деген дара даналығы ойға оралады. Оған заманының заңғар жазушысы Ғабит Мүсіреповтің: «Әдебиет ұлы болмай, ұлт ұлы болмайды», делінген қанатты қағидасын қосыңыз. Ендеше, ана тілінде іс қағаздарын дұрыс жүргізіп, өртүрлі құжаттарды сауатты жазудың ел мәдениетінің ғана емес, сонымен қатар қай өркениетті қоғам мен мықты деген мемлекеттің де жалпы даму деңгейінің көрнекті көрсеткіші екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Оқытушы немесе топтағы бір магистрант мәтінді оқып, топтағы басқа магистранттарға мынадай проблеманы шешуді ұсынды. Кейс-стади әдісі бойынша шешілуі тиіс проблема: Тәуелсіздігімізді алғалы 22 жылға жуық мезгіл өтті. Алайда мемлекетіміз түгелдей қазақ тілінде сөйлеп кеткен жоқ. Неліктен? Магистранттар проблеманы шешуге топ болып кіріседі. Әрбір топ өздерінің көзқарастарын ортаға салды. Проблемадан шығу жолдарын өздерінің мәтіндерінен аңғартады.

Бірінші топтың тыңдаушылары мынадай мазмұнда мәтін құрастырды: «Елбасының: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында «Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға дейін жететін болады», деп атап көрсетілгенін көзі қарақты қауым жақсы біледі.

Сонымен қатар, көп ұлттылық пен көп тілділіктің біздің басты құндылықтарымыздың бірі екенін және еліміздің негізгі артықшылықтарының бірі болып табылатындығына тоқтала келіп, конституциялық мәртебесі бар мемлекеттік тіліміздің келісті келешегіне көз жүгірте отырып, былай деді: «Еліміздегі барлық мектептер мен оқу орындарында қазақ тілінде оқыту үрдісі жүріп жатыр. Осының бәріне депутаттар мен мемлекеттік қызметкерлер өз үлестерін қосулары керек. Мәселені осылай шешу қажет» – деп мәтіндерін құрастырып, проблемадан шығу жолдарын талқыға салады..

Екінші топтың магистранттары: «Мемлекеттік қызметшілерге қазақ тілін оқыту курстарын ұйымдастыруда. Әрбір қызметкерлердің тілді білу деңгейіне қарай үш топқа бөлінетіндігі. Қазақ тілін оқытуға бейімделген арнайы лингафондық сынып дайындалған. Сынып заманауи компьютерлермен және тыңдауыштармен (наушниктермен), интерактивті тақталар жабдықталған. Және бір маңызды шара ретінде мемлекеттік қызметтің бос орнына қабылдау үшін конкурстар жариялау кезінде үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесіне мемлекеттік тілді білу туралы тармақ енгізілгендігі»-деп, әр топ осы проблеманы шешу үшін не істейтіндерін, қандай ортақ көзқарастары бар екендігін ортаға салады.

Кейс-стадидің көмегімен оқыту магистранттардың өртүрлі дағдыларды кеңінен меңгеруіне жәрдемдеседі. Тапсырманың осы шешімге әкелетін бір ғана жолы және бір ғана шешімі болады. Кейс-стадидің негізгі қызметі – аналитикалық жолмен шешу мүмкін емес және құрылымды емес күрделі мәселелерді шешуге үйрету. Проблемалық сипатта берілген тапсырма шешілді. Топта қанша топ болса да, барлығына бірдей тапсырма беріліп, әрбір топ проблеманы өздерінің білімдері мен ерекшеліктеріне қарай жан-жақты, әр қырынан немесе барлығы бір ғана қырынан зерттейді. Әрбір топтың өзінің сарапшысы болады. Ол сарапшы микротоптың жауаптарына талдау жасайды, бағалайды. Кейс амал-тәсілін қолданғанда, бағыт-бағдар беруші сонымен қатар талап қорытынды сөз сөйлеуші қызметін атқарады. Кейстік амал-тәсілде, әрбір топ өзінің шығарған шешімдерін басқа топтардың алдында дәлелдейді. Дәлелдеуге барлық магистрантқа қатысуға рұқсат беріледі.

Осыдан туындайтын кейс технологиясының ұтымдылығы, нәтижелілігі төмендегідей:

- магистранттар өзара пікірталастыруға, өзінің пікірін дәлелді құруға дағдыланды;
- топ ішінде белсенді тілдік қатынас орнады;
- проблеманы өздігінен шешуге ұмтылды, шығармашылық жұмыстарды орындауға үйренді;
- тапсырмада берілген сұрақтарға жауап іздеп, өзіндік пікір айтуға дағдыланды;
- ауызша сөйлеу дағдылары жетіліп, мәтін құрастыру біліктері, ойларын логикалық түрде жүйелей алу ұстанымдары дамыды.

Сабақтың келесі кезеңінде жоғарыда айтып өткен, топ ішінен таңдап алынған баяндаушы, қарсы сұрақ қоюшы, дәлелдеуші, сарапшылармен жұмыс түрін жүргізу.

Қорыта келе айтарымыз, кейс-стади әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде тыңдаушылар үшін өте тиімді әдіс болып саналады. Бұл әдістің көмегімен тыңдаушылар өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Тыңдаушы ситуацияға талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады.

Кейс-стади әдісі – оқытушы мен тыңдаушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы. «Егемен Қазақстан», – 2007 жылғы 15 тамыз № 254–256.

2 Жұмажанова Т. Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі, – Алматы, 2009. – 15 б.

3 Смолянинова О.Г. Информационные технологии и методика Case-Study в профессиональном обучении студентов педагогического вуза: Труды II Всероссийской научно-методической конференции «Образование XXI века: инновационные технологии диагностика и управление в целях информатизации и гуманизации», – Красноярск, 2000. – 217 б.

4 Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008. – 45 б.

5 Жақыпов М. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясы. Мақала. «Егемен Қазақстан», – 2012 жылғы 10 мамыр № 347–465